



МӘДЕНИ МҰРА

Облыс әкімі Нұрлан Ұранхаевтың төрағалығымен өңірімізде әр жылдары табылған көне кітаптар мен қолжазбаларға қатысты мәселелерді талқылау мақсатында арнайы жиын өтті.

КӨНЕ ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Қуаныш ЖОЛЫМБЕТ,
«Semei tañy»



Оған облыстық мәслихаттың төрағасы Қуаныш Сүлейменов, ҚМДБ-ның Абай облысы бойынша бас имамы Асқар Мұқанов және жергілікті өлкетанушылар, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының мамандары, мәдени мекемелер басшылары қатысты.

Жиын барысында құнды жәдігерлерді, соның ішінде өңірімізден табылған көне кітаптар мен қолжазбаларды сақтау, оларды мемлекеттік тізілімге енгізу үшін арнайы жұмыс тобын құру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар көне кітаптарды қайта жаңғырту, оларды ғылыми айналымға енгізу жайы да қарастырылды.

Жиында айтылғандай, көнеден жеткен құнды кітаптар мен қолжазбаларды сақтайтын арнайы орын қарастырылады. Облыс әкімі Нұрлан Телманұлы бұл бастамаға барынша қолдау көрсететін жеткізді.

Облыстық мәслихат төрағасы Қуаныш Сүлейменов «қолжазбалар мен сирек кітаптар - қай заманда да қастерлі құндылық, асыл қазына» деген пікірін айта келе, еліміздің сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін мәдени мұраны сақтап қалу үшін тиісті жұмыстар жүргізілетінін, оған облыс мәслихаты тарапынан да жан-жақты қолдау болатынын жеткізді.

Айта кетсек, Абай елінде, соның ішінде Семей шаһарында көне кітаптар жиі табылады. Олардың көпшілігі ескі ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде кездейсоқ табылады екен. Дін қызметкерлерінің айтуынша, араб әріптерімен жазылған кітаптарды тауып алғандар оларды дінге қатысты деген оймен мешіттерге әкеліп өткізеді екен. Алайда олардың бірқатары медреседе пайдаланылған математикалық, жағрафия оқулықтары және өзге де кітаптар болып шыққан. Өлкетанушылардың пікірінше, олардың ішінде тарихи, ғылыми тұрғыдағы маңызы зор кітаптар да бар. Сондықтан да бабаларымыздан жеткен рухани мұра - құнды жәдігерлерді жинақтап, зерттеп, зерделеп, болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдыру күн тақырыбында тұр.

ТУРИЗМ



СЕМЕЙДЕ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ОТЕЛЬ САЛЫНАДЫ

Жақын арада облыста туризмнің дамуына серпін беретін Ассор әлемдік брендінің отелі салынабақ. Бұл туралы Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Айттолқын САМАТОВА,
«Semei tañy»

Қонақ үй нарығы көшбасшыларының бірі саналатын Ассор әлем бойынша 5 500-ден астам отельге иелік етеді.

Бұған дейін облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев пен Ассор-дың Шығыс Еуропа елдеріндегі өңірлік даму жөніндегі вице-президенті Филипп Боне телекөпір арқылы байланысқа шығып, тараптар өзара ынтымақтастыққа мүдделі екенін жеткізген еді. Нәтижесінде жергілікті бизнес өкілдері мен әлемдік компания арасында тиісті меморандумға қол қойылды.

Әлемдік брендтің Семеймен байланыс орнатуына «Елім-ай» футбол клубы бастамашы болған. Отель халықаралық әуежайға барар жолда салынып жатқан жабық манеж бен ашық алаңның жанында орналаспақ.

Жоба, өңірімізде туризмнің кең қанат жаюына ықпал етумен қатар, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуына да жол ашады. Отельде 100-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылмақ, олардың денін жастар құрайды.

Сондай-ақ студенттерге халықаралық стандарт бойынша қонақ үй сервисі саласында тағылымдамадан өту бағдарламалары енгізіледі. Жоба жергілікті мамандардың жұмысқа орналасып, кәсіби өсуіне мүмкіндік береді.

Отель құрылысы туристер мен инвесторларды тартуға, қала мен облыс экономикасының дамуына ықпал етеді. Жергілікті кәсіпкерлердің қызметтеріне және тауарларына да сұраныс артады деп күтілуде. Мәдениет пен білім саласына да серпін бермек.

ЖАРМА

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІККЕ - ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында аудан әкімі Жарқынбек Байсабыров Шар қаласындағы аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығына инватакси кілтін салтанатты түрде табыс етті. Іс-шараға әлеуметтік қызметкерлер мен орталықтың қызмет алушылары, ата-аналар мен қала тұрғындары қатысты.

Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tañy»



Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың қолдауымен Шар қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың жол картасы әзірленген болатын. Осы бағдарлама шеңберінде облыстық бюджет есебінен бөлінген 25 миллион теңге көлеміндегі қаражатқа ерекше қажеттілігі бар қызмет алушыларды тасымалдау үшін көлік сатып алынды.

- Жарма ауданында аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы ерекше қажеттілігі бар жандарға әрдайым көңіл бөлініп келеді. Сіздер мемлекет қамқорлығындасыздар. Бүгін облыс әкімі Нұрлан Ұранхаевтың қолдауымен инватаксиге қол жеткізіп отырмыз. Бұл - біздің ауданға беріліп отырған екінші инватакси. Мұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табады,- деді салтанатты жиында сөз алған Жарқынбек Байсабыров.

Шар қаласының аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 57 қызмет алушыға 8 түрлі қызмет көрсетіледі. Үй жағдайында 43 адам, жартылай стационарлық күндізгі болу бөлімшесінде 14 адам қызмет алады. Арнайы көлік қала ішінде және қалаларалық бағыттарда тасымалдау қызметтерін атқарады.

- Қаладағы әлеуметтік орталықтың қызмет алушыларын та-

сымалдауға арнайы көліктің болмауы бірнеше жыл бойы бізге қиындық туғызып келді. Қызмет алушылардың басқа қалалардағы емдік-сауықтыру орындарына, түрлі мәдени іс-шараларға барулары қажет. Арнайы көлік мүгедектігі бар жандардың экскурсияларға, көрмелерге, концерттерге және сауықтыру іс-шараларына қатысып, қоғам өміріне толық араласуларына қолайлы,- дейді Жарма ауданы әкімдігінің «Аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мекемесінің директоры Құрма Тілеубаева.

Салтанатты жиын барысында Шар қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Тоқтархан Айқымбеков, ата-аналар атынан Ержан Қарымсақов сөз сөйлеп, жергілікті атқарушы билікке балаларға деген қамқорлығы үшін ризашылықтарын білдірді. «Шар Локомотив» жөндеу депосының ұжымы әлеуметтік қызмет алушыларға сыйлықтарын тарту етті.

Іс-шара қалалық Мәдениет үйінде өткен мерекелік концертке ұласты. Онда Қалбатау, Жаңғызтебе, Өуезов және Шар қаласындағы аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында тәрбиеленуші балалар өнер көрсетті.

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

ОБЛЫС ЖАСТАРЫ ІТ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУДА

Абай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында «Abay it-Valley» технологиялық кластерінің негізін қалаушы Асхат Бейсембаев QR-код арқылы жұмыс істейтін «Digital Elimai» мобильді қосымшасын таныстырды.

Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tañy»

Спикер атап өткендей, Abay it-Valley-дің резиденттері мобильді қосымшаны «Елім-ай» футбол клубының жанкүйерлері үшін әзірлеген.

- Бүгін сіздерге «Abay it-Valley»-дің резиденттері әзірлеген мобильді қосымшаны таныстырмақпыз. Қосымша «Елім-ай» футбол клубының жанкүйерлері үшін арнайы әзірленген және QR-код арқылы жұмыс істейді. Қолданылуы өте қарапайым: Play Market-тен қосымшаны жүктеп, оған тіркелесіз және «Елім-ай» футбол клубының матчтарын көру үшін «Спартак» стадионына барасыз. Матч басталғанға дейін, үзілісте және соңғы ысқырықтан кейін таблада QR код көрсетіледі. Оны қосымшаның көмегімен сканерлеу керек. Осылайша, жанкүйерлер белгілі бір ұпайларға ие болады.

Футбол матчтарынан қалмай келген жанкүйерлер маусымның соңында белгілі бір шекті ұпай жинайды және «Елім-ай» футбол клубы әзірлеген жүлделер ұтысына қатыса алады, - деді Асхат Бейсембаев.

Асхат Бейсембаев қосымшаны әзірлеуге мемлекеттік бюджеттен немесе демеушілер есебінен қаражат жұмсалмағанын да атап өтті. Оны Alikhan Bukeikhan University студенттері әзірлеген. Әзірлеушілер тобын «Abay it-Valley» технологиялық кластерінің резиденті Арыстан Қанафин басқарған.

- Мен Samsung Education Campus-тің түлегімін. Жобадан алған білімімді тәжірибеде қолдана алғанымға қуаныштымын. Бұл - менің IT саласындағы алғашқы тәжірибем. Қазақстанның спорт клубтарында мұндай қосымшаның аналогі әлі жоқ. Айта кетерлігі, мен бұл қосымшаны жалғыз әзірлеген жоқпын. Команда мүшесі Айдос Имантаев «Елімай» футбол клубының матчтары тура-

лы мәліметтерді өзектендіруге көмектессе, Ілтипат Жорабек сөз тіркестерін орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Ал мен кодтарды жазуға және қосымшаның дизайнына жауап бердім. 28 сәуір күні Елімай мен Ордабасы арасындағы футбол матчы кезінде қосымшаны тәстілеуден өткізді. 110 қолданушы тіркелді. Қателіктерді түзетіп, қосымшаны жаңартты,- дейді Арыстан Қанафин.

Баспасөз мәслихаты барысында Арыстан Қанафин медициналық оқу орындарының студенттеріне арналған тағы бір қосымша әзірленіп жатқанын жеткізді.

- Бұл қосымша партограмма сияқты құжаттарды толтыруға көмектеседі. Партограмма - бұл ДІДҰ ұсынған өте маңызды құжат және ол өмірде толғатып ауруханаға түскен кезде толтырылады. Қосымша босанған әйелге сауатты медициналық көмек көрсетуге арналған. Бұл қосымшаны да біздің студенттер тегін әзірледі. Идея авторы - Семей медицина университетінің студенттері,- деді Асхат Бейсембаев.

Айта кетейік, «Abay it-Valley» технологиялық кластерінде 2022 жылдан осы күнге дейін 400-ден астам студент білім алды. 30-дан астам курс пен 70-тен астам іс-шара ұйымдастырылды.

10 ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Биыл жазда облыс бойынша 10 сауықтыру лагері балалардың игілігі үшін жұмыс істейтін болады. Бұл лагерлерде 4669 оқушыны демалыспен қамту жоспарланған. Әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасылардан шыққан 4043 бала қала сыртындағы лагерьлерде тынығатын болады, бұл - барлық оқушылардың 4,2 пайызы. Осы мақсаттарға бюджеттен 242 580 млн теңге бөлінген. Бұл туралы Абай облысы Білім басқармасының дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының әдіскері Сәуле Дюсюмбекова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтты.

Сымбат ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
«Semei tañy»

- Он сауықтыру лагерінің 7-еуі - мемлекеттік, 3-еуі - жекеменшік. Сондай-ақ Бесқарағай ауданында 4 лагерь, Бородулиха ауданында 3, Жарма, Үржар аудандарында және Құрчатов қаласында 1 лагерьден бар. Абай, Аягөз, Ақсуат, Бесқарағай және Көкпекті аудандарында балалар лагерьлері жоқ. Аталған аудандардағы әлеуметтік осал топтағы отбасылардың балалары басқа аудандар мен қалалардың лагерьлерінде тынығатын болады. 10 лагерьдің 8-і типтік, 2-еуі бейімделген ғимараттарда орналасқан, - деді С.Дюсюмбекова.

Білім басқармасы өкілінің айтуынша, бірінші кезекте ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және аз қамтылған

отбасылардан шыққан балалар жазғы демалыспен қамтылады. Облыс бойынша 1-10 сыныптарда 95 057 оқушы бар, оның 20 811-і - әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар.

- Биыл дарынды ауыл балаларының интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және қолдау көрсету мақсатында «Қазақстан халқына» қорының «Жаздық жолдама» республикалық жобасын іске асыру жалғасады. Ауыл мектептерінде оқитын 696 дарынды оқушы «Үржарайым» мен Алматы облысының Қаскелең ауданындағы «Арман Дала» лагерінде тегін демалады. Сондай-ақ 4 колледж базасында оқушылардың қабілеттерін ашу арқылы кәсіптік бағдар беру және демалысын тиімді ұйымдастыру үшін кәсіптік бағдарлау лагерьлері ұйымдастырылмақ. Оқушылардың 99,3 пайызын жазғы демалыстың өр түрімен қамту жоспарланып отыр. Балалар сонымен қатар мектеп жанындағы сауықтыру лагерьлерінде, бейіндік алаңдарда демалатын болады. «Қатер тобындағы» балалар, әлеуметтік осал топқа жататын отбасылардың балалары балалар білім беру ұйымдарының ерекше бақылауында болады. Бірінші кезекте демалыс орындарындағы санитарлық талаптардың сақталуына, балалардың қауіпсіздігіне мән берілімек. Осы мақсатта облыстық, аудандық және қалалық комиссиялар құрылды, - деді әдіскер.

Сондай-ақ облыста балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруды жақсарту мақсатында 2024-2025 жылдары Абай, Ақсуат және Көкпекті аудандарында 3 лагерь, 2027 жылы Семей қаласында жыл бойы жұмыс істейтін лагерь салу және сауықтыру лагерьлерінің материалдық базасын нығайту жоспарланған.

Баспасөз мәслихатында сондай-ақ суға түсу маусымында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін жұмыстар жайлы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Есен Қуантханұлы айтты.

Қорыта айтсақ, облыс көлемінде жаз айларында балалардың толыққанды демалып, денсаулықтарын нығайту мақсатында қолайлы жағдай жасалуда.

ЖАҢАЛЫҚТАР

САРАПТАМА

АҚПАРАТ

АПТАСЫНА ҮШ РЕТ ШЫҒАТЫН
"SEMEI TAÑY" ГАЗЕТІНЕ

2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

SEMEI tañy

АҚСУАТ

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін атап өтіп, су қоймаларына күрделі жөндеу жүргізуді, каналдарды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алуды, судың «көлеңкелі» нарығын жоюды және су ресурстарын ысырапсыз пайдалану, оны үнемдейтін озық технологияны енгізу мәселелерін қарастыруды тапсырды.



Хамза СӘТИБЕ,
«Semei tauy»

Егінді егу бар да, оны мезгілімен суғарып, күтіп-баптау бар. Бұл, әрине, су шаруашылығының жағдайына байланысты. Президент тапсырмасына орай, өткен жылдардағы өмір тәжірибелерінен сабақ ала отырып, су үнемдеу технологияларын кеңінен пайдалану Ақсуат ауданында да қолға алына бастаған. Биыл аудан бойынша 8837 гектар суармалы егістік жерді игеру жоспарланып отыр. Бұл былтырғы жылғы мөлшерден әлдеқайда көп.

Аудан әкімі Асхат Смаилов орынбасары Қайрат Мауадиновпен бірге өткен аптада Сәтбаев ауылдық округіне қарасты Қуанған Тынай басқаратын "Алтын-

Алтай" шаруа қожалығының суармалы егістік алқабына барды. Өзгелерден бұрын іске кіріскен еңбекке ынталы, жаңалыққа құштар шаруашылық басшысы егістікке тамшылатып суғару технологиясын енгізіп, жұмысын жаңаша жүргізуде. Биыл шаруашылық 200 гектар жерге күнбағыс егіп, келешекте тамшылатып суғарылатын алқаптың көлемін 1000 гектарға жеткізуді, басқа да мал азығын өсіруді жоспарлап отыр.

Егін басындағы әңгімеде аудан әкімі Асхат Сайдахметұлы тамшылатып суару өсімдіктің тамырына суды, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді зиянкестерден қорғайтын



агрохимиялық заттарды дәл әрі біркелкі жеткізу үшін қолданылатын өндірістік тиімді әдіс екендігін атап өтіп, мұны аудан көлемінде қолға алу қажеттігін айтты. Яғни өзен суларына ғана иек артып отыруға болмайды, әлемдік озық тәжірибелерді қолдану арқылы мал азығының өнімділігін арттыру ұтымды болмақ.

БҮЛІНГЕН ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ

Ақсуат ауданында тасқын салдарынан бүлінген жолдарды қалпына келтіру, көпірлерді жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыстар аудан әкімі Асхат Сайдахметұлының тікелей бақылауында. Аудан басшысы жақында Серіктес ауылына барар жолдағы су өткізгіш өткелді және тасқыннан кейін толықтай қайта қалпына келтірілген Қожакемді ауылына апаратын 10 шақырым жолды көріп қайтты.

Қызылкесік - Үштөбе

арасындағы автожолдың су шайып кеткен бөліктері мен өткелдерін қалпына келтіру жұмыстары тыңғылықты атқарылуда. Аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Серікбек Смағұлов өткен аптада осы бағыттағы жолдарға шығып, жұмыс барысын қадағалап қайтты.

Аудан әкімі Асхат Сайдахметұлы Қарағанды – Аягөз – Боғас - Кіндікті автожолындағы тасқын салдарын жою жұмыстарының барысымен де танысты. Бүгінгі таңда Кіндіктіге апаратын автожол бойындағы 3 суағар құбыры қалпына келтіріліп, 2 суағар жаңадан салынды. Су шайып кеткен жол бөліктері тегістелді.



Өз тілшіміз

КӨКПЕКТІ

Көктемгі су тасқыны Көкпекті - Тассай автожолындағы Жүзағаш көпірін шайып кеткені белгілі. Тасқын салдарынан Мәметек және Кілеңжыра жол учаскелері де бүлінген болатын.

КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
«Semei tauy»

Тассай ауылының халқы аудан орталығына Қарағандыкөл ауылының қасындағы «Тоғма» атанған айналма жол арқылы қатынап жүрді. Алайда айналма жолды да су алып, көлік қозғалысына уақытша кедергілер келтірген болатын.

25 сәуірден бастап Тассай ауылындағы жол қатынасын қалыпқа келтіруге кірістік. Жол жөндеу жұмыстарына 200-ге жуық адам, 20-дан аса техника тартылды. «Тоғма» учаскесіне 975 тонна құм-қиыршық тас төгіліп, 3 құбыр орнатылды. Автокөліктердің кедергісіз жол қатынасына толықтай жағдай жасалды. Бұл өткел ұзақ жылдар бойы халыққа қызмет ететініне сенімдімін. Жолды жөндеуге Тассай ауылының еңбектеген баласынан еңкейген қариясына дейін көмек беріп, атсалысты. Тағы да айта кететін мәселе, бұл өткелді салуға бюджеттен қаражат жұмсалған жоқ, барлық жұмыс демеушілік есебінен жүргізілді. Осы орайда жол қатынасын қал-



пына келтіру үшін күн-түн демей еңбек еткен Руслан Закиров бастаған «Көкпекті» ШЖҚК ұжымына, «Синь-Син» құрылыс компаниясына, Көкпекті ауылының әкімі Қайрат Алғазыұлына, Тассай ауылының әкімі Ержан Құдайбердіұлына және Жанат Ибрагимов пен Қанат Тлебалдин бастаған барша Тассай ауылының жұртшылығына ризашы-

лығымды білдіремін,- дейді аудан әкімі Д.Оразбаев.

«Көкпекті» (Комхоз) коммуналдық шаруашылық техникасы бірнеше күнде Кілеңжырада су бұзған жолды қалпына келтірді. Көкпекті - Тассай автокөлік жолындағы Жүзағаш көпірін салу үшін қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

АСЫҚ ОЙЫНЫНАН СЫНҒА ТҮСТІ

Жуырда Көкпекті аудандық Ұлттық спорт ойындары орталығының ұйымдастыруымен Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде асық ойынының бестабап және бестас түрлерінен аудандық іріктеу жарысы өтті. Іріктеу сынына 7 мектептің командалары қатысты.

Айтмолқын
САМАТОВА,
«Semei tauy»

Соңғы кездері елімізде ұлттық спортқа ерекше көңіл бөлініп келеді. Асық ойыны да қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық ойына өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды келеді. Халқымыздың «Асығың алшысынан түссін» деп мақалдап сөйлеуі асық ойынының қазақ мәдениетіндегі өзіндік орнын байқатады.

Бұл жолғы іріктеу жарысын өткізудегі мақсат - Абай облысының чемпионатына қатысатын Көкпекті ауданының құрама командасын жасақтау. Жарыс ұлттық спорт ойындары орталығының директоры Бауыржан Түсіпжановтың жетекшілігімен асықтың бестабап және бес тас түрлері бойынша командалық сайыс түрінде өткізілді.

Ұлттық ойындар - саламатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын жас ұрпақты тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Қазіргі таңда асық ату спорт түрі тек елімізде



ғана емес, сонымен қатар әлемдік деңгейде дамып келеді. Көкпекті аудандық Ұлттық спорт ойындары орталығының ашылғанына бір жыл ғана болса да, нәтижелеріміз көңіл қуандырлықтай. Облыстық жарыстарда жүлделі болып жүрген шәкірттеріміз бар. Бұл біз үшін - мақтанш. Болашақта ұлттық ойындарды дәртілеп, дамыту жолында үлкен жетістіктерге жететінімізге сенемін, - дейді орталық директоры Бауыржан Түсіпжанов.

Тартысты өткен жарыс нәтижесінде асық атудың бестабап түрі бойынша ұлдар арасында командалық есепте Жақия Шайхүнісов атындағы орта мектеп құрамасы жеңімпаз атанды. Жаттықтырушысы - Берікжан Кубелеков.

Жүлделі 2-орынды Ербол Жәнібек жаттықтыратын Романовка негізгі мектебінің құрамасы алса, Рафаэль Насибұллин жетекшілік ететін Шеріптоғай негізгі мектебінің құрамасы 3-орынды еншіледі.

Мамандар шешімі бойынша үздік ойын өрнегімен көзге түскен Әділхан Рамазан, Әли Ермеков және Берік Нұртау облыстық жарыста Көкпекті ауданының намысын қорғайтын болады.

Ал қыздар арасында өткен бестас ойынында Ажа ауылының қыздар командасы 1-орынды үлкен басымдықпен жеңіп алды. Көкжайық ауылының бестас шеберлері 2-орынды, Шеріптоғай ауылының құрамасы 3-орынды иеленді.

АЯГӨЗ

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Аягөз аудандық ауруханасында халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген ауруханада білікті дәрігерлер қатары да артып келеді. Сондай ақ халатты жандардың бірі – аурухананың балалар бөлімінің меңгерушісі Мүнира Ибрайшина.

Сымбат ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
«Semei tauy»

Балаларды дәрімен де, сөзімен де емдеп, көңілге сәуле сөйіп жүрген дәрігер 1999 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін бітірген. 2001 жылға дейін балалар жұқпалы аурулары кафедрасының базасында клиникалық ординатурадан өтті. 2001 жылы аспирантураға түскен. Сол жылы Семей қаласының ДИБ бокс бөлімшесінде дәрігер-резидент болып еңбек жолын бастады. 2005 жылы Аягөз аудандық ауруханасына учаскелік педиатр болып қабылданды. 20 жылға жуық аталған ауруханада еңбек етіп келе жатқан білікті маман 2019 жылдан бері балалар бөлімін басқарады.

Бүгінде балалар бөлімінде тәуліктік 39 стационарлық төсек-орын бар, 24-і балалар бөлімінде, 15 төсек жұқпалы аурулар бөлімінде орналасқан. Соңғы жылдары балалардың ауырып, ауруханаға түсуі көбейіп кетті. Көбінесе маусымдық аурулардың өршуі кезінде жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы диагнозымен келеді. Балалар арасында сондай-ақ аллергиялық дерматит, несеп, зәр шығару жолдарының қабынуы сияқты аурулар да жиі кездесуде. Былғыз 3 айда 333 бала ем қабылдады. Жұқпалы аурулар бөлімінде 179 бала емделді. Олардың көбі асқазан-ішек жолдары аурулары, жоғарғы тыныс жолдары аурулары, вирусті гепатит, қызылша диагнозымен түсті. Жыл басынан бері 4885 бала скринингтік тексеруден өтсе, оның ішінде 764 баладан сырықат анықталып, ем қабылдады, бүгінде барлығының да денсаулығы жақсы. Ал 68 бала диспансерлік есепке алынды, - дейді бөлім меңгерушісі.

Талай баланың сауығып кетуіне себепші болған жоғарғы санаттағы дәрігер Мүнира Ибрайшина өзінен кейінгі жастарға дәрігерлік мамандықтың қыр-сырын үйретіп, жинаған тәжірибесін бөлісіп отырады. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, дәрігерлердің барлығы біліктілікті арттыру курстарынан өткен, сәби ауырып

түскенде көрсетілетін ең алғашқы көмектің талап-ережелерін жетік меңгерген.

Биыл жыл басынан бері балалар арасында өлім-жітім тіркелген жоқ. Бұның бәрі біздің мамандардың біліктілігінің арқасы деуге болады. Біздің дәрігерлер ауруы жанына батқан баланы демде жұбатып, тез тіл табысып жатады. Бірі палаталардағы балаларға қарайласа, енді бірі ем-дом шараларын жасайды. Бүлдіршіндердің ине салдырудан қорқатыны белгілі. Біздің медбикелер баламен бала болып ойнап, көңілін аулап отырғанда, көбі инені қалай салғанын да білмей қалып жатады. Бұл, әрине, тәжірибелі маманның әдісі. Дәрігер болу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әсіресе жұмысың балақайлармен байланысты болса, тіпті оңай болмасы анық. Бала дәрігері, медбикелер баламен тіл табыса білгені жөн, яғни сөзімен де, дәрімен де емдей білуі керек. Сәбидің диагнозын анықтау, дертіне шипа табу аса ұқыптылықты қажет етеді. Балаларға жас меірімімізді төгеміз, - дейді білікті дәрігер.

Айтуынша, балалар кеңесханасында балаларды әртүрлі аурулардан қорғау, алдын алу мақсатында Дені сау бала кабинеті, бала емдік істейді. Барлық балаларға егу күнтізбесіне сәйкес профилактикалық екпелер жүргізіледі.

Біздің бөлімде сегіз дәрігер, отыз сегіз орта буын медицина қызметкерлері мен екі тәулікше еңбек етеді. Балалар кеңесханасында күніне 150 бала тексеруден өтеді. Жалпы, екінші бірі балалар дәрігері бола алмайды. Балалар дәрігері болу мейірімділік пен біліктілікті талап етеді. Аудандық балалар кеңесханасында өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын, мамандықтарын жетік меңгерген, көптің құрметіне бөленіп жүрген дәрігерлер мен медбикелер аз емес. Олардың қатарында Роза Маңғазбаева, Айгүл Секенова мен Гулмира Тұрмұхаметқызын атап айтуға болады, - дейді бөлім меңгерушісі.



АБАЙ



ОБЛЫС ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Сәуір айында облыс орталығы Семей қаласында эстетикалық топтық гимнастикадан жасөспірімдер арасында Абай облысының ашық чемпионаты өткен болатын.

Әлібек КЕМЕЛХАН,
«Semei tauy»

«Сұлу - бақытты балалық шақ» атты ерекше жарысқа аймағымыздың барлық аудандары мен қалаларынан өнерлі өрендер қатысып, өзара шеберлік сынасты. Олардың арасында осыған дейін де көркем гимнастикадан сан мәрте сынға түсіп, топ жарып жүрген жүлдегерлер де болды. Осы жарыста Абай ауданының жасөспірім қыздары жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жеңістің биік тұғырынан көрінді.

Нақтырақ айтсақ, «Пчелки» (6-8 жас) және «Звездочки» топтары (8-10 жас) жүлделі орындарға ие болды.

«Пчелки» тобының жас гимнастары - Инжу Русланқызы, Ақнұр Дулатқызы, Айтсун Нұрғазы, Қарақат Аманбек, Ажар Махмұтова, Балғын Қарақусова, Танғұл Есімхан және Кәусар Тоғызбаева шеберліктің үлгісін көрсете білді.

Ал «Звездочки» тобының құрамындағы өнерпаздар - Инжу Сейпіл, Айару Ергенқызы, Инжу Ергенқызы, Арайыр Қабди, Айзере Ерболқызы, Балауса Әнуарбекова, Айзере Әсетқызы және Айерке Амантай өздеріне берілген тапсырманы сәтті орындап шықты. Қыздарды топтық гимнастикадан жаттықты-

ратын бапкерлері Арай Хұсайынова екенін де айта кеткен орынды.

Қыздарымызды шыңдап, дайындаған Абай ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің көркем гимнастика бөлімінің жаттықтырушысы Арай Хұсайынова алғысымызды білдіре отырып, алдағы жарыстарда да жеңіс тұғырынан көрінулеріне тілектестіз, - дейді ата-аналары.


Айта кетерлігі, бүгінде бокс, күрес, шығыс жекпе-жек, футбол немесе волейбол сияқты спорт түрлеріне мектеп жасындағы балалардың қызығушылығы жоғары. Спорттың бұл түрлерін өтетін сайыстарда, әсіресе күрес пен бокстан, Абай ауданының өрендері де жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Ал қыздарға жарасатын көркем гимнастика спорт түрі әлемінде алатын орны бөлек. Бұл спорт түрі Олимпиада ойындарына да енгізілгені белгілі.

Ал абайлық өрендердің аяқ алысы жақсы. Тек облыс деңгейіндегі ғана емес, республикалық, тіпті халықаралық сайыстарда топ жаратын күн алыс емес сияқты. Спорт әлемінде біртүрлі бағындыруды осы бастан мақсат еткен олардың қазіргі дайындықтарына ашық чемпионат барысында кәсіби мамандар жоғары баға беріпті.



ХАБАР ♦ ҚАЗАҚСТАН

♦ ЕВРАЗИЯ ♦ 7 КАНАЛ ♦ КТК

БАҒДАРЛАМА
ПРОГРАММЫ6 - 12
МАМЫР/МАЙ

DÚISENBI/ПОНЕДЕЛЬНИК

ХАБАР

05:00 Комедия. "Статус Брэда"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 "Біздің назарда"
10:25 Мультфильм. "Спасатели"
11:45 Мультсериал. "Мегамато"
12:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
14:00 Телехикая. "Қарлығаш ұя салғанда"
15:00 Телехикая. "Ұлболсын"
16:00 Телесериал. "Капкан для Золушки"
18:00 Новости
18:25 Ток шоу. Итоги
19:00 Жаңалықтар
19:25 Ток шоу. Талқы
20:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
21:45 Телехикая. "Ұлболсын"
22:30 Тікелей эфирде "Хабарlike"
23:30 Телесериал. "Капкан для Золушки"

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:30 «Отандық brand»
14:45 «Ақорда»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехи-

кая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0:10 АҚПАРАТ
0:45 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1:35 «Сана»
2:45 «Өмір көркем»
3:35 «Жәдігер»



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
9:45 Валерия Ланская в многосерийном фильме «ЖДИ МЕНЯ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «100 ДНЕЙ СВОБОДЫ»
0:20 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ».



6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым. (2016)
6:30 «Зың-зың Күлпәш». Телехикая.1-маусым. 9-бөлімі
7:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ». 56 бөлімі (Түркия, 2016 ж.)
8:30 "«Жұлдыздар шеруі»
10:20 Телесериал (каз)
11:40 «Балабол-7». Телесериал. 7-сезон. 22-24 серия (Россия, 2023 г.)
15:00 «Сағындырған әндер-ай...». Мерекелік концерт
17:00 «БІЗБЕН БІРГЕ». Телехикая. 1-маусым. 5-6 бөлімі
19:00 «ТҮПСАНА...». Телехикая.6-бөлімі (Қазақстан, 2023 ж.)
19:30 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 1-3 серия (Россия, 2018 г.)
22:50 Әзіл MAN (11-бағдарлама)
23:50 «БРАК ПО ЗАВЕЩАНИЮ. ВОЗВРАЩЕНИЕ САНДРЫ». Те-



7:05 «ӨНІМ СЕН ЕДІҢ» (қайталау)
7:40 «ЖАТ ТУЫСТАР», отандық телехикая.
9:25 «ПУТЬ К СЕБЕ» (повтор)
10:25 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа (повтор)
12:50 «СЫЩИЦЫ. НОЖ В СПИНУ», мелодрама (повтор)
15:00 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы. .
18:40 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ».
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:40 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетный детектив.
2:10 «ПАРАД ЮМОРА» (повтор)
3:55 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)

SEISENBI/ВТОРНИК

ХАБАР

ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

05:00 Телехикая. "Алпыстан асып барамын", "Мезгілсіз махаббат"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 "Народный контроль"
10:25 Мультфильм. "Герои волшебного леса"
11:30 Деректі фильм. "Қазақ елі" Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына орай
12:00 Телесериал. "Бауыржан Момышұлы"
14:00 Телехикая. "Кебенек"
16:00 Телехикая. "Комиссарша"
18:00 Концерт. "Ұлттық ұлан - қорғаным"
20:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
21:45 Телехикая. "Ұлболсын"
22:30 Тікелей эфирде "Хабарlike"
23:30 Телехикая. "Комиссарша"

QAZAQSTAN

ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Өзекті». Арнайы жоба
7:00 «TANSHOLPAN». Мерекелік шығарылым. Тікелей эфир
10:00 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:00 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 «Қазақтың жігіттері». Ернар Айдардың концерті
15:00 «Әзіл әлемі»
16:10 Сағадат Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл. «САҒАДАТ САЛҒАН ЖОЛ». Деректі фильм
16:40 «Айбынды армияға арнау». Мерекелік концерт
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:20 «Алашұлы» тобының концерті
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
23:00 «Айбынды армияға ар-

нау». Мерекелік концерт
0:00 «Қазбат». Көркем фильм
1:50 Сағадат Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл. «Сағадат салған жол». Деректі фильм
2:20 «Өзекті». Арнайы жоба
2:45 «Жәдігер»

ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА
ОТЕЧЕСТВА

6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:45 Фильм «ОДНА ВОИНА»
10:20 Многосерийный фильм «ДИНА И ДОБЕРМАН»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Премьера. Многосерийный фильм «МАМКИНА ЗВЕЗДОЧКА»
0:10 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО



ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ». Многосерийный фильм
2:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
6:00 Әнұран
6:02 "«Жұлдыздар шеруі»
7:00 «ПЯТЬ НЕВЕСТ». Художественный фильм
9:00 "Өндер мен жылдар" Концерт
11:40 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 1-3 серия (Россия, 2018 г.)
15:00 «Қазақтың жігіттері...». Ернар Айдардың концерті
17:30 "«ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ» Художественный фильм
19:30 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 4-5 серия (Россия, 2018 г.)
21:30 "Фатима мен Зухра". Көркем фильм.
23:30 «КТА»
1:00 «Тойlike» 4 бөлімі



7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ЖАТ ТУЫСТАР», отандық телехикая.
8:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
9:20 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ», мелодрама
11:30 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетный детектив (повтор)
13:45 «МАРУСЯ», мелодрама (повтор)
15:35 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы. .
18:20 «NURBULLIN», Нұрболлат Абдуллинің ән-кеші.
21:00 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:00 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетный детектив.
1:20 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ», мелодрама (повтор)
3:10 «НАРТАЙ», казахстанское кино
4:55 «NURBULLIN» (қайталау)

SÄRSENBI/СРЕДА

ХАБАР

05:00 Телехикая. "Мезгілсіз махаббат"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 Деректі фильм. "Бауыржан Момышұлы" 2024
10:20 Мультфильм. "Сияющая звезда: Рождение новой Лунной королевы"
12:00 Телесериал. "Бауыржан Момышұлы"
14:00 Телехикая. "Кебенек"
16:00 Телехикая. "Комиссарша"
18:00 Кино. "Анаға апарар жол"
20:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
21:45 Телехикая. "Ұлболсын"
22:30 Тікелей эфирде "Хабарlike"
23:30 Телехикая. "Комиссарша"

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Ұлы дала ұлағаты». Деректі фильм
6:40 «Мәншүк туралы дастан». Көркем фильм(«Қазақфильм», 1969 ж.)
8:00 «Аспанды бағындырған Хиуаз». Деректі фильм
8:30 «Өндер мен жылдар»
10:00 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
11:30 «Әскери ант». Телехикая.
13:30 «МузАрт» ансамблінің концерті
15:55 ТҰСАУКЕСЕР!«ЭЛЬДОРАДОҒА АПАРАР ЖОЛ». Мультфильм
17:25 «Ерен ерлік тұлғасы». Деректі фильм
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 «Өнім сен едің...». Шәмші Қалдаяқовтың әндері
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
23:00 «Анаға апарар жол». Көр-

кем фильм («Қазақфильм», 2016 ж.)
1:20 «Ақиқат пен аңыз». Концерт-спектакль
2:45 Дәуір даналары»
3:25 «Аспанды бағындырған Хиуаз». Деректі фильм
4:00 «Жәдігер»



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:45 Фильм «БЕЛЫЕ РОСЫ»
10:20 Многосерийный фильм «ДИВЕРСАНТ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «СТАРОЕ РУЖЬЕ»
0:10 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ». Многосерийный фильм



2:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
6:00 Әнұран
6:02 Әзіл MAN (11-бағдарлама)
7:05 "«Жұлдыздар шеруі»
8:45 "Қаһарман қыздар" деректі фильм
9:10 «Қазақтың жігіттері...». Ернар Айдардың концерті
11:40 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 4-5 серия (Россия, 2018 г.)
13:40 «Сағындырған әндер-ай...». Мерекелік концерт
15:40 "Фатима мен Зухра". Көркем фильм.
17:40 «Сағындырған әндер-ай...». Мерекелік концерт
19:30 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 5-6 серия (Россия, 2018 г.)
21:30 «Дос-Мұқасан». Көркем фильм
0:00 «КТА»
1:00 «Тойlike» 13 бөлімі



7:05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», ойын-сауық бағдарламасы
7:30 «ЖАТ ТУЫСТАР», отандық телехикая.
9:20 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ», мелодрама
11:30 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетный детектив (повтор)
13:45 «МАРУСЯ», мелодрама (повтор)
15:35 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек телехикаясы. .
18:20 «QUEEN». Шоу программа Баян Алагузовой
21:00 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:00 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетный детектив.
1:20 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ», мелодрама (повтор)
3:10 «QUEEN». Шоу программа Баян Алагузовой (повтор)
5:15 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

BEISENBI/ЧЕТВЕРГ

ХАБАР

ЖЕҢІС КҮНІ

05:00 Концерт. "Майдан хаттары"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 Деректі фильм. "Қазақ елі" Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығы
10:30 Мультфильм. "Астробой"
12:15 Кино. "Больше чем любовь"
14:00 Телехикая. "Кебенек"
16:00 Телехикая. "Комиссарша"
20:00 Кино. "Лето 1941 года"
20:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
21:45 Телехикая. "Ұлболсын"
22:30 Тікелей эфирде "Хабарlike"
23:30 Телехикая. "Комиссарша"

QAZAQSTAN

ЖЕҢІС КҮНІ

6:00 Әнұран

6:05 «Жәдігер»
6:25 «Дәуір даналары»
7:05 «Мергендер». Көркем фильм («Қазақфильм», 1985 ж.)
8:45 «Ақиқат пен аңыз». Концерт-спектакль
10:00 «Мәншүк. Әкеге араша түскен қыз». Деректі фильм
10:35 «Таусылмас тағзым». Жеңіс күніне арналған концерт
11:50 «Әскери ант». Телехикая.
13:30 «Эльдорадоға апарар жол». Мультфильм
15:00 «Ән мен әнші». Мерекелік шығарылым
17:35 «Майдангер қаламгерлер». Деректі фильм
18:10 «Бірегей»
19:00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ!». Концерт
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
22:20 «Жігіттер» тобының концерті
23:50 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. 1/2 финал. «АТАЛАНТА» (Италия) - «МАРСЕЛЬ» (Франция). Тікелей эфир
2:00 «Мәншүк. Әкеге араша түскен қыз». Деректі фильм

2:30 «Майдангер қаламгерлер». Деректі фильм
3:05 «Таусылмас тағзым». Жеңіс күніне арналған концерт

7

ДЕНЬ ПОБЕДЫ

6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:55 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 Александр Михайлов в фильме «РАЗЖАЛОВАННЫЙ»
10:40 Многосерийный фильм «ДИВЕРСАНТ. КРЫМ»
14:45 Легендарное кино. «В БОЙ ИДУТ ОДНИ СТАРИКИ»
16:25 Фильм «ВЫСОТА 89»
18:25 «СВЕТЛОЙ ПАМЯТИ ПАВШИХ В БОРЬБЕ ПРОТИВ ФАШИЗМА». МИНУТА МОЛЧАНИЯ
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Премьера. «ВОЗВРАЩЕНИЕ ГЕРОЕВ». Документальный фильм

21:10 Премьера. Фидьм «ПРАВЕДНИК»
0:10 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. БИТВА ЗА РОСТОВ». Многосерийный фильм
2:00 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
2:30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
4:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 Концерт
6:45 "«Жұлдыздар шеруі»
8:45 "Рахымжан Қошқарбаев". Деректі фильм
9:15 "«ЛЕТО 1941-го» Художественный фильм
11:40 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 5-6 серия (Россия, 2018 г.)
13:40 «Сағындырған әндер-ай...». Мерекелік концерт
15:40 Концерт
17:00 Художественный фильм
19:30 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 7-8 серия (Россия, 2018 г.)
21:30 Жұбаныш Жексеннің концерті

0:10 «Бастық боламын»
0:55 «Тойlike» 5 бөлімі

КТК

7:05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ", ойын-сауық бағдарламасы
7:30 "ЖАТ ТУЫСТАР", отандық телехикая.
9:20 "СЕРДЦЕ МАТЕРИ", мелодрама
11:30 "ГОРЯЧИЙ", остросюжетный детектив (повтор)
13:45 "МАРУСЯ", мелодрама (повтор)
15:35 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ", өзбек телехикаясы. .
18:20 "ЖІГІТТЕР ТОБЫ 20 ЖЫЛ", шығармашылық кеші
21:00 "МАРУСЯ", мелодрама.
23:00 "ГОРЯЧИЙ", остросюжетный детектив.
1:20 "СЕРДЦЕ МАТЕРИ", мелодрама (повтор)
3:10 "ЖІГІТТЕР ТОБЫ 20 ЖЫЛ" (қайталау)
5:15 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ" (қайталау)

ЖУМА/ПЯТНИЦА

ХАБАР

05:00 Телехикая. "Мезгілсіз махаббат"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 "Культурный отдых"
10:20 Мультсериал. "Чуч-мяуч"
12:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
14:00 Телехикая. "Қарлығаш ұя салғанда"
15:00 Телехикая. "Ұлболсын"
16:00 Телесериал. "Комиссарша"
18:00 Новости
18:25 Ток шоу. Итоги
19:00 Жаңалықтар
19:25 Ток шоу. Талқы
20:00 Телехикая. "Тағдырға сен 2"
21:45 Телехикая. "Ұлболсын"
22:30 "Национальный интерес"
23:15 Мелодрама. "Земля обетованная"

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:35 «Өзекті»
14:50 «ҒЫЛЫМ АДАМЫ»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Технократтар талқысы»
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «Жарқын жүздесу».
0:00 «PARASAT MAIDANY»
0:35 АҚПАРАТ
1:05 «Ашық алаң». Қоғамдық-

саяси ток-шоу.
1:55 «Әмір көркем»
2:45 «Ерен ерлік тұлғасы». Деректі фильм
3:20 «Ғылым адамы»
3:30 «Жәдігер»

7

6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
8:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:00 Виталий Хаев в многосерийном фильме «ПЕРЕВОДЧИК»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
20:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС». Праздничный выпуск
22:10 Премьера. Александр Новиков в фильме «ПОМИЛОВАНИЕ»

0:00 Комедия «ПЯТЬ НЕВЕСТ»
2:00 «НОВОСТИ»
2:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
2:30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:15 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
3:45 «П@УТИНА» бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым. (2016)
6:30 "«Жұлдыздар шеруі»
7:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ». 57 бөлімі (Түркия, 2016 ж.)
8:30 Жұбаныш Жексеннің концерті
11:00 Деректі фильм
11:40 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 7-8 серия (Россия, 2018 г.)
13:40 Концерт
16:30 «БІЗБЕН БІРГЕ». Телехикая. 1-маусым. 7-9 бөлімі
19:30 "А.Л.Ж.И.Р." Телесериал. 9-11 серия (Россия, 2018 г.)
22:30 Әзіл MAN
23:30 «КТА»
1:30 «Тойlike» 6 бөлімі

КТК

7:05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ", ойын-сауық бағдарламасы
7:30 "ЖАТ ТУЫСТАР", отандық телехикая.
9:15 "БЫЛО ДЕЛО"
10:15 "СЕРДЦЕ МАТЕРИ", мелодрама
11:10 "ГОРЯЧИЙ", остросюжетный детектив (повтор)
13:35 "МАРУСЯ", мелодрама (повтор)
15:35 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ", өзбек телехикаясы. .
19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20:00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ"
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "МАРУСЯ", мелодрама.
2:00 "СЕРДЦЕ МАТЕРИ", мелодрама (повтор)
2:50 "БЫЛО ДЕЛО" (повтор)
3:35 "ЖАТ ТУЫСТАР", отандық телехикая (қайталау)
5:00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
5:25 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ", ойын-сауық бағдарламасы

SENBI/СУББОТА

ХАБАР

05:00 Телевикторина. "Асыл қазына"
07:00 Концерт. "Мен..." Айгүл Иманбаева
08:30 "Президентский резерв"
09:00 Деректі фильм. "Жеңісті күндерде жүздескенше" Амангелді Сейітхан
09:30 "Ұлы дала ойындары"
10:00 Мультфильм. "Стражи терракоты"
11:50 Мультсериал. "Мегамато"
12:00 Мелодрама. "Земля обетованная"
14:00 "XXI ғасыр көшбасшысы"
15:00 "Алғашқы"
16:00 "Қызық times"
17:15 Кино. "Күшік құда / Квартиранты"
19:00 "Бес жұлдыз"
21:00 Ақпарат арнасы "7 күн" сапартамалық бағдарламасы

QAZAQSTAN

21:40 Комедия. "Криминальная фишка от Генри"
23:40 "Әке бақыты"
00:30 "Әсем әндер"

7

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «Шаңырақ»
7:30 «Бірегей»
8:20 «Сағындырған әндер-ай»
9:00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». Тікелей эфир
10:00 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:00 Жігер Ауылбаевтың концерті
13:45 «Көксерек». Көркем фильм («Қазақфильм», 1973 ж.)
15:30 «Ағайынды аюлар:сиқырлы сәуле». Мультфильм
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ОТАНДЫҚ BRAND»

17:35 «Көңіл толқыны»
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». Музыкалық, ойын-сауықтық шоу
21:45 «Өлкей. Ғұлама ғұмыр». Телехикая.
23:30 «Жарқын жүздесу»
1:05 «Теледәрігер»
1:55 «Отандық brand»
2:10 «Бірегей»
2:50 «Жәдігер»
3:15 «Күй-керуен»

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10:00 Многосерийный фильм «РОДНЫЕ ЛЮДИ»
14:20 Многосерийный фильм «ЗАПАСНОЙ ИНСТИНКТ»
18:30 «АЙНА» бағдарламасы

19:00 Фильм «ТРИ ДНЯ ДО ВЕСНЫ»
20:50 Премьера. «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. ВРАГ ЗА СПИНОЙ». Многосерийный фильм
0:50 Ночной кинотеатр. «ВОРОШИЛОВСКИЙ СТРЕЛОК»
2:25 «АЙНА» бағдарламасы
2:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:35 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым. (2016)
6:30 «Бастық боламын» 1-маусым. 1 бөлімі
7:10 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ». 58-бөлімі (Түркия, 2016 ж.)
8:00 "«Жұлдыздар шеруі»
9:20 "«Юмор! Юмор! Юмор!!!» (7-выпуск) (Россия, 2019-2020 гг)
10:40 "SUPER BOL" 2- выпуск

11:05 Телесериал. 1,2,3,4 серии
15:05 КОНЦЕРТ
16:40 КТА
19:10 Телесериал. 1,2,3,4 серии
23:10 Жайдарман
0:40 «Бастық боламын»
1:30 «Тойlike» 7 бөлімі

КТК

7:05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ", ойын-сауық бағдарламасы
7:15 "АЛТЫН ҰЯМ", отандық телехикая
9:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
9:50 ПОВОРОТ НА СЧАСТЬЕ, мелодрама
14:30 "МАРУСЯ", м/д (повтор)
18:15 "ONE HIT", Қазақстан жұлдыздарның ән шашуы
21:00 "ОСКОЛКИ СЧАСТЬЯ", мелодрама
1:20 ПОВОРОТ НА СЧАСТЬЕ, мелодрама (повтор)
5:00 "ONE HIT", ән шашу (қайталау)

JEKSENBI/ВОСКРЕСЕНЬЕ

ХАБАР

05:00 Телевикторина. "Асыл қазына"
07:30 Концерт. "Абайлаңыздар" Ринат Заитов
09:30 Деректі фильм. "Қазақ елі"
10:00 Мультфильм. "Тайна парка развлечений"
12:00 Комедия. "Криминальная фишка от Генри"
13:45 Кино. "Күшік құда / Квартиранты" техповтор
15:30 "Әке көрген"
16:15 "Бес жұлдыз"
17:45 Кино. "Донор"
19:30 "Қызық times"
21:00 Информационный канал - аналитическая программа "7 күн"
21:40 Специальный репортаж. "Возвращённые активы - на благо Казахстана"
22:10 Мелодрама. "Дорогой Джон"
23:55 Кино. "Донор" техповтор

QAZAQSTAN

Телехикая.
23:30 «Жарқын жүздесу»
0:00 «Qazaqstan дауысы»
1:55 «Алапат». Арнайы жоба
2:25 «Ақорда»
2:35 «Дәуір даналары»
3:20 «Жәдігер»

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:30 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:20 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8:35 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
9:30 «ҚАЙМАҚ»
10:00 Многосерийный фильм «РОДНЫЕ ЛЮДИ»
14:00 Многосерийный фильм «ПОРОКИ И ИХ ПОКЛОННИКИ»
18:10 Фильм «ВАСИЛЬКИ ДЛЯ ВАСИЛИСЫ»
20:00 «АЛАПАТ». Арнайы жоба
20:30 «АҚОРДА»
20:40 «Көңіл толқыны»
21:45 «Өлкей. Ғұлама ғұмыр».

фильм
0:45 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Весенняя серия игр. Финал
2:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:45 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым.
6:30 «Бастық боламын» 1-маусым. 2 бөлімі
7:10 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКАЯ». 59-бөлімі (Түркия, 2016 ж.)
7:55 "«Юмор! Юмор! Юмор!!!» (6-7 выпуск) (Россия, 2021 г.)
10:05 Повтор Телесериал. 1,2,3,4 серии
12:45 Концерт
16:20 КТА
19:20 Телесериал. 1,2,3,4 серии
23:20 Жайдарман
0:20 «Жұлдыздың жары». Бағдарлама. (2021 ж.)

0:50 «Бастық боламын»
2:20 «Тойlike» 8 бөлімі

КТК

7:05 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ", ойын-сауық бағдарламасы
7:15 "ӘН МЕН ӘНШІ"
9:00 "ЮМОРИНА", шоу-программа
11:45 "ОСКОЛКИ СЧАСТЬЯ", мелодрама (повтор)
16:00 "ТРЕУГОЛЬНИК СУДЬБЫ", мелодрама
20:00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!", музыкалық халықтық-шоу.
21:00 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!"
22:00 "ПОДДЕЛЬНАЯ ЛЮБОВЬ", мелодрама (худ.фильм)
0:25 "ТРЕУГОЛЬНИК СУДЬБЫ", мелодрама (повтор)
4:00 "ӘН МЕН ӘНШІ" (қайталау)
5:20 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ",(-қайталау)

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ АРДАГЕРЛЕР ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ СЕНЕДІ

Абай атындағы облыстық кітапханада «Ардагерлер - ұлт ұйытқысы. Ұрпақ жалғасы, Отан қорғаушы - жастар» тақырыбында форум өтті. Аталған іс-шараны Семей қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі және Семей қаласы ардагерлер кеңесі бірлесіп ұйымдастырды.

Әлібек КЕМЕЛХАН,
«Semei tanu»

Форумынң жұмысына қала әкімдігі мамандары, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, жастар, оқу орындарының студенттері және БАҚ өкілдері қатысты.

Аға буын мен кейінгі толқын арасындағы рухани сабақтастықты нығайту, өскелең буынға патриоттық тәрбие беруді заман талабына сай жетілдіру мақсатын көздеген форумда Семей қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебай Бердікенов баяндама жасап, жыл басынан бері атқарылған шаралар жайлы баяндады.



Кенжебай Құсманұлы атап өткендей, қалалық ардагерлер кеңесі мен өскелең буын арасындағы байланыс жақсы жолға қойылған. Білім ордаларында жастармен өткізіліп жүрген тағылымы мол кездесулер - соның жарқын айғағы. Мәселен, өткен жылы ардагерлер облысымыздың бірқатар аудандарында болып, патриоттық тақырыпта түрлі басқосулар өткізді. Аға буын өкілдерінің қатысуымен әскери-патриоттық бағытта мыңнан астам іс-шара өткізілген, ардагерлер сондай-ақ әскери бөлімдермен де жақсы байланыс орнатқан.

Жиын барысында ерен еңбегімен үлгі болған ардагерлер марапатталды. ҚР Ардагерлер кеңесінің шешімімен қаламыздың бірқатар аға буын өкілдері «Құрмет» орденін иеленді. Олардың қатарында Семей қаласы ардагерлер кеңесі президиумы мүшелері - белгілі ғалым Зейнолла Тоқаев, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов сынды аға буын өкілдері бар. Сондай-ақ Зейнолла Қалпыбекулы жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу ісіне сіңірген зор еңбегі үшін Республикалық ардагерлер кеңесінің Құрметті ардагері атағына ие болды. Сол тәрізді қоғам белсендісі, жас ұрпақ тәрбиесіне өзіндік үлесін қосып жүрген Мақсұт Көшжанов ақсақал да құрметке кенелді.

Форум жұмысына қатысқан Семей қаласындағы Шәкәрім гимназиясының «Жас сарбаз» сыныбының оқушылары мен «Айбын» клубының мүшелері ардагерлер қауымына құрмет пен ілтипат көрсетті. Қалалық ардагерлер ұйымына және оның төрағасы Кенжебай Құсманұлына Шәкәрім гимназиясының директоры Нұрғұл Құлжағазықызының атынан ұрпақ тәрбиесі жолындағы қалтқысыз қызметтері үшін алғыс хаттар табысталды.

Форум аясында қаламыздағы бастауыш ардагерлер ұйымдарының, бірқатар білім ордаларындағы әскери-патриоттық клубтардың жұмыстары мен жетістіктері туралы шағын көрмелер ұйымдастырылып, көпшілік назарына ұсынылды.

- Ел ертеңі - бүгінгі жас ұрпақ. Біздің басты мақсатымыз - ұлттық болмысы берік, рухы биік, тарихи тағмыры терең ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу. Еліне деген сүйіспеншілік пен ұлттық рухта тәрбиеленген намысшыл жастар болашағымызды қалыптастыратын тұлғалар болмақ. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Адам болу - қасиет, азамат болу - міндет, патриот болу - парыз, - дейді БАҚ өкілдеріне пікір білдірген Shakarim University Ардагерлер кеңесінің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Құмарбек Әмірханов.

КӘСІПОДАҚ

БАСТЫ МАҚСАТ – ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Еңбек қауіпсіздігін қорғау мәселесі - еңбек қатынастарының тұрақты бақылауды талап ететін маңызды аспектілерінің бірі. Жуырда Абай облысы Кәсіподақтар орталығының бастамасымен, әлеуметтік серіктестердің қатысуымен өткен семинар-кеңесте еңбек қауіпсіздігін арттыру мәселелері талқыланды.

Азамат ЕРСАҒЫЙ, «Semei tanu»

«Кәсіпорындардағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау» тақырыбындағы семинарға Абай облысы Кәсіподақтар орталығының төрайымы Зәуреш Исабаева, Абай облысы бойынша Бақылау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Ниятқабылов, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының Абай облысы бойынша филиалының директоры Ермек Қуанышев, Абай облысы кәсіподақтар орталығының құқықтық мәселелер мен медиация жөніндегі бас маманы Ержан Разбеков және Астанада, республикалық кәсіподақ ұйымының орталық кеңесінен арнайы келген еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспектор Қайрат Мұқанов, сондай-ақ бірқатар мекемелердің кәсіподақ ұйымдарының төрағалары қатысты.

Жиында алдымен «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов баяндама жасады. Баяндамашы өндірістің жарақаттану деңгейі жұмыс орнындағы қауіпсіз жағдайларды бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі екендігін атап өтіп, қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін жүйелі жұмыс жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Кәсіподақ ұйымдары тарапынан осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жайлы айтып өтті.

Келесі кезекте сөз алған облыстық Кәсіподақтар орталығының төрайымы Зәуреш Рамазанқызы еңбекті қорғаудың мақсаты, жұмыс берушілердің міндеттері туралы сөз қозғады. Бұл орайда кәсіподақтардың да жауапкершілігі жоғары екенін айтты.

Семинар барысында Абай облысы еңбекті қорғау және қауіпсіздікті бақылау бөлімінің басшысы Тоқтарбек Түспібаев сөз алып, өткен жылы облыс кәсіпорындарында орын алған қайғылы оқиғалардың нәтижелерімен таныстырды.

Бытыр 88 оқыс оқиға орын алып, бірқатары кісі өлімімен аяқталған. Соның ішінде орман өрті салдарынан «Семей орманы»



- Айдын Сәлімханұлы, бүгінде еліміздің рухани кеңістігінде дін мен дәстүр мәселесі ерекше мәнге ие. Бұл тақырып әсіресе жас ұрпақ тәрбиесінде өзекті болып тұр. Осыған орай, жастарды деструктивті ағымдардан сақтандыру мақсатында өңірімізде сіздердің тараптарыңыздан қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

- Иә, жастарды жат діни ағымдардан сақтандыру ерекше маңызға ие. Жалпы, діни ілім іздеген, руханиятқа бет бұрған өскелең ұрпақтың ата дәстүрден жаңылмай, дұрыс жолда болуына баршамыз мүдделіміз. Сондықтан да ел ішінде ақпараттық түсіндіру жұмыстарына баса мән беріліп отыр.

Биыл Атырау жерінде өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрімізге жат діни наным-сенім мен мәдениет туралы баса айтып өткені белгілі. Мемлекет басшысы: «Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық мораліне қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәрінә түсіністікпен қарайды. Бірақ біз Батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кетпеуіміз керек!» - деді.

Президентіміз деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі жастар да ішінара ілесіп кетіп жүргенін атап өтті. Сондықтан мұның болашақтағы зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Демек, таразы басында өскелең ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде сәнге айналған жаңа үрдістер де әсер ете алмайды.

«Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орыңқыра беруіміз қажет. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді», - деді Мемлекет басшысы. Менің де бұған алып-қосарым жоқ.

Ақпараттық-түсіндіру тобы облысымыздағы қалалар мен аудандарда болып, студент жастармен, әскери сала қызметкерлерімен, түрлі мекемелер мен ұйымдардың еңбеккерлерімен, жоғары сынып оқушыларымен кездесулер өткізеді. Мақсатымыз - діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, халықтың діни сауаттылығын арттыру, мәдени мұра мен ұлттық дәстүрлерді насихаттау арқылы деструктивті ағымдардың қоғамдық санаға теріс әсер етуінің алдын алу.

Мұндай кездесулерде елімізде тыйым салынған экстремистік топтар мен түрлі діни ағымдардың жұмыс жүргізу бағыттары, ерекшеліктері мен алға қойған мақсат-мұраттарын түсіндіреміз. Сонымен қатар дәстүрлі рухани құндылықтар мен дін арасындағы өзара байланыс мәселелері де

«Дін, ұстай білсең, қасиетің, ұстай білмесең, қасіретің» демекші, дін жайында сөз болғанда, ата дәстүр мен ұлттық құндылықтар жайлы да әңгіме жиі қозғалады. Оған себеп те жоқ емес. Соңғы уақыттарда дәстүрлі емес, деструктивті діни ағым өкілдері ата-бабаларымыз ұстанған, ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатқан ұлттық болмысымыз бен салт-ғұрпымызды жоққа шығаруға тырысуда. Демек, идеологиялық жұмыстарға баса мән берілуі тиіс. Осы ретте Семейдегі Әбу Бәкір Сыддық мешітінің бас имамы, дін мәселелері жөніндегі облыстық ақпараттық-түсіндіру тобының белсенді мүшесі, дінтанушы, белгілі теолог Айдын Жүнісбек мырзамен бүгінгі жастар және дін, ұлттық құндылықтар жайында сұхбаттасқан едік.

АЙДЫН ЖҮНІСБЕК:

РУХАНИ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА



кеңінен талқыланады. Байқап жүргеніміздей, қазіргі таңда әсіресе жастарды дін тақырыбы қатты қызықтырады. Бұл, әрине, жақсы құбылыс, әйтсе де жас буынға дұрыс бағыт-бағдар беріп, бақылап отырмасақ, ертең опық жеуіміз мүмкін.

- Айдын Сәлімханұлы, көбінесе қандай адамдар жат ағымдардың жетегінде кетіп жатыр? Жалпы, жат ағымдарға қарсы жұмыс қалай жүрде?

- Жастарды жат ағымдардан сақтандыру жұмыстары, негізінен, үш бағытта жүргізілуде: алдын алу, оңалту іс-шаралары және интернет алаңының ғымымен күрес. Тәжірибе көрсеткендей, өмірде қиын жағдайларға тап болып, күйзелісте жүрген жандар және салт-дәстүрден хабары жоқ, өзінің ұлттық тамырынан қол үзіп қалған адамдар жат ағымдардың жетегіне көп ілеседі. Дін саласындағы келеңсіз жайттар негізінен діни сауатсыздықтан туындайды. Дінге қызығушылығы пайда болған адам ақпаратты, көмекті алдымен интернеттен іздейді. Ал ғаламторда ақпарат өте көп, ондағы теріс бағыттағы діни насихаттармен танысады. Оның дұрыс-бұрысын ажырата алмай, адасқандарға ілесіп кетеді. Теріс ағымдағылар ондай адамдарды әлеуметтік желідегі жеке парақшаларына жазған постары мен пікірлеріне қарап таниды да, олармен виртуалды байланыс арқылы сенімдеріне кіреді. Бұл жерде психологиялық фактор да маңызды. Ондайлар адамның ішкі-бауырына кіріп, өзіне жақын тартады, сөйлеседі, көмек қолын созуы да мүмкін. Сөйтіп, топтарына қосады. Сондықтан, алдымен, теолог мамандардан кеңес алған жөн дер едім.

Ашық-жарқын жүретін адам кенеттен оқшаулануы, туыс-туғандарымен араласпай, томаға-тұйық болып кетсе немесе керісінше жағдайлар орын алса, күдік туғызады. Ондай жағдайда да теологтерге хабарласып, кеңес сұрау артық етпейді.

Сөз орайында айта кетейін, қазіргі таңда халықаралық экстремизм мен терроризм, соның ішінде діни-саяси экстремизм, уаххабизм және тағы басқа түрлі идеологиялық қауіп-қатер өлем елдері алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Біздің елдегі дін саласындағы өзекті мәселелердің бірі деструктивті діни идеологиялардың таралуы болып отыр. Ал «деструктивті» ұғымының мағынасына талдау жасайтын болсақ, бұл сөз латын тілінен «destructio», яғни «құлату», «қалыптасқан жүйені бұзу» дегенді білдіреді. Деструктивті діни ағымдар - азаматтардың құқықтарын бұзатын, оларға психологиялық түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зиянын тигізетін топтар. Олар мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзуға тырысады. Сондықтан оның алдын алу - қоғамдағы тұрақтылықтың ке-

пілі. Еліміздің ресми заңнамасы бойынша, кейбір тыйым салынған діни ұйымдар қатарына кіргендердің радикалдануына себеп болуы мүмкін. Мәселен, елімізде тыйым салынған Иақын инкар экстремистік тобы өкілдерінің шет елдердегі қанды қырғындарға қатысқаны туралы да деректер бар. Сонымен қатар кейбір қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен дәстүрлерді, мәдениетті жолатын, жалпы қоғамға қауіпті болып табылатын ағымдар да бар.

Тағы бір айта кетерлігі, деструктивті ағымдар христиан дінінде де бар. Олар да ұлттық салт-дәстүрлерге қарсы, әнұран орындалғанда қолды көкірекке қою, теледидар көру секілді қарапайым нәрселерге қарсы. Сонымен қатар медициналық мақсатта қан тапсырудан, қолға қару ұстап Отан қорғаудан да ашық бас тартады. Өкінішке қарай, олардың қатарында ішінара болса да біздің қарадомалақтардың бары да жасырын емес.

- Айдын Сәлімханұлы, деструктивті ағымдардан сақтанудың төте жолы бар ма?

- Жоғарыда айтып өткенімдей, бүгінде деструктивті діни ағымдар мен сектантар ғаламторды пайдаланудың қас шеберіне айналды. Діни сауаты төмен адамдарды арбаудың басты куралы ғаламтор арқылы пәтуа беру болып отыр. Жастарымыз деструктивті діни ағымдардан сақтану үшін діни сауатын дұрыс бағытта арттыруын қарастыру керек. Шет елдерде діни білім алудан тартынған жөн. Ал ғаламтордан тек ресми мұфтияттың құзырындағы діни сайттарды ғана пайдалану керек.

Десек те, ең маңыздысы, ұлтымыздың өткен тарихы, кешегіден жеткен салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, сонымен қатар халқымыздың ұлы ойшылдары мен Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп сынды дана тұлғаларының артында қалдырған рухани мұралары, өсиет-еңбектері еліміздің ертеңі саналар болашақ ұрпақты адастырмайтын темірқазық екенін естен шығармайық. Осының барлығы жастарды дұрыс жолдан тайдырмайтын ұлттық тәрбиенің қайнар көзі саналады.

- Жастарды жат ағымдардың жетегіне түсуден сақтандыру мақсатында мұфтият тарапынан қолға алынған шаралар жайлы да айтып берсеңіз...

- Жастарды деструктивті діни ағымдардың теріс идеологиясынан қорғау - Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының негізгі жұмыс бағыттарының бірі. Бұл - барлық мұфтият бері жалғасып келе жатқан асыл да басты міндет. Мұфтияттың діни оңалтуға жауапты мамандары өткен жылы қоғамдық орындар мен түзеу мекемелерінде 9928 жеке ықпал ету акцияла-

рын, жеке кездесулер өткізді. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар деструктивті діни ағымдардың идеологиясынан бас тартты. Бүгінде мұфтият жанынан құрылған ғұламалар, Ақсақалдар, Сарапшылар кеңесі жастарды жат діни ағымдардан сақтандыру жұмыстарына белсенді араласуда.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ата-бабамыз сан ғасырдан бері ұстанып келе жатқан дәстүрлі ислам құндылықтарын үздіксіз дәріптеп келеді. Мұфтияттың «Дәстүрлі Ислам жауналары», «Дін мен дәстүр», «Ихсан - рухани тәрбие негізі», «Толық адам» кітаптары жарыққа шықты. Ислам энциклопедиясының I-III томдары, «Бабалар ізмен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп», «Дін мен дәстүр III» сынды еңбектері жарық көрді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды «Ислам және дәстүр құндылығы жылы» деп жариялағаны белгілі. Соның аясында қазір жер-жерлердегі мешіттерде танымдық-тағылымдық мақсатта семинарлар өткізілуде. Бұл бастамалардың да жастар үшін тәлімі мол.

Алда атқарылар жұмыс әлі де көп. Барша азамат осындай ортақ мақсатты жолында бірлесе қызмет етуіміз керек деп білемін. Жастарды жат ағымнан сақтандыру - бәрімізге ортақ іс.

- Сұхбатымыздың соңында Абай облысындағы діни ахуалға қысқаша тоқталып өтсеңіз...

- Жалпы, бүгінгі күні Абай облысы бойынша 170-ке жуық діни бірлестік бар. 19 намазхана, 20 діни атрибутка және әдебиеттер сатытын орын белгіленген. ҚР Әкімшілік кодексінің 490-бабы бойынша, олар арнайы түрде тіркеуден өтіп, рұқсат қағазды алғаннан кейін ғана жұмыс істей алады.

Облысымыздағы барлық қалалар мен аудандарда ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істеуде. Түсіндіру тобы, жоғарыда айтып өткенімдей, негізінен, жастармен, студенттермен, оқушылармен кездесулер өткізіп, заңдық, діни тұрғыда кеңестер береді.

Ал жалпы діни ахуалға келсек, жағдай тұрақты. Дәстүрлі емес ағымдар көбейіп келеді деп айта алмаймыз. Ал сүнниттік жолдың Ханafi мазһабына оралушылардың қатары артып келеді.

ҚМДБ-ның Абай облысы бойынша бас имамы Асқар Мұқанов өзінің бір сөзінде: «Абай елінің жастарында жат ағымдарға қарсы иммунитет бар. Бұл шамасы Абай, Шәкәрім сынды дана тұлғалардың рухани мұраларымен сусындап өскендіктен, ұлтымыздың ұлы тұлғаларының өсиеттерін бәрін биік қоятындықтан болса керек», - деген еді. Мен де осы пікірге толықтай қосыламын.

Осы ретте барша өңір тұрғындарына айтарым: дінге қатысты қандай да сұрақ туындаса, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы шариғат және пәтуа бөлімінің мамандарына немесе осы бөлімнің облыс, қалалардағы өкілдеріне, тіпті болмаса мешіт имамдарына хабарласу қажет.

- Уақтығыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Қуаныш ЖОЛЫМБЕТ,
«Semei tanu»

БІЛІМ

Зияткерлік мектеп ұстаздары мен оқушылары өздерінің ғылыми зерттеуі үшін авторлық құқыққа ие болды.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚҚА ИЕ БОЛДЫ

Күнделікті өмірде электр құралдарының адам өміріне кері әсері жайлы жиі естиміз. Аталған мәселеге қатысты сан түрлі ғылыми жаңалықтар ашылып, зерттеулер жүргізілген. Бүгін сол зерттеушілер қатарына Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Әлихан Келсігәзин және Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Адель Мамутова да қосылып, ғылыми еңбектері үшін авторлық құқыққа ие болды.

Зерттеушілер ғылымның аса күрделі саласы - электромагниттік толқындардың эмбриондық дамуға әсері жайлы тың жаңалық ашқан. Қарапайым «lissachatina fulica» ұлуын зерттеуге ала отырып, олардың ағзасына электромагниттік сәулелердің әсерімен қатар, генетикалық салдарын да қарастырған.

Бұл жоба өмір сүру сапасын жақсарту, электромагниттік толқындар мен экожүйенің күрделі өзара әрекеттесуін түсінудегі маңызды қадам болып табылады.

Жас ғалымдардың ізденістеріне биология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор Айнуір Қыдырмолдина мен химия пәнінің мұғалімі Меруерт Құдабекова жетекшілік жасады.

Сондай-ақ Әлихан мен Адельдің ғылыми еңбектері «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсының NIS желілік кезеңінде күміс медаль иеленді.

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі



мекемесінің 15 қызметкері қаза тапқаны белгілі. Мұның сыртында 31 адам ауыр, 18 адам орташа деңгейдегі, 37 адам жеңіл деңгейдегі жарақаттар алған. Баяндамашының айтуынша, кәсіпорындардағы еңбекті қорғау шараларын жүйелі жүргізу үшін тұрақты түрде қаражат бөлінуі керек.

Семинар-кеңесте айтылғандай, еңбекті қорғау қызметінің басты мақсаты - нәлдік жарақаттану. Өзірге оған толық қол жеткізіле қойған жоқ. Алайда көптеген мекемелерде барлық мүмкіндіктер пайдаланыла отырып, өндірісте жарақат алу деңгейін барынша төмендету мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Семинар барысында сөз алған Абай облысы Кәсіподақтар орталығының құқықтық мәселелер мен медиация жөніндегі бас маманы Ержан Разбеков еңбек дауларын сотқа жеткізбей реттеу жайлы айтып өтіп, осы мақсатта қала орталығынан жаңадан кеңсе ашылғанын жеткізді. Кез келген азамат жұмыс күндері кеңсеге келіп, маманға жолығуына болады.

Жиын барысында әр мекемеден келген еңбекті қорғау қызметінің мамандары да баяндама жасады. Олар өндіріс орындарындағы жазатайым оқиғалардың себептері, еңбекті қорғау инженерлері тарапынан жүргізілуі тиіс жұмыстар жайында айтты. Сонымен қатар өз тәжірибелерінен күнделікті жұмыс барысында кездесетін бірқатар оқиғалардан мысалдар да келтірді.

Семинарда сонымен қатар Семей өңірінің еңбек қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары ұжымдық шартқа және еңбекті қорғау мәселелеріне қатысты өзге де маңызды мәселелерді талқылады.



